

Кәсіптік стандарт: «Актуарий»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: Кәсіптік стандарттың қолданылу саласы: «Актуарий» кәсіптік стандарты «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 7 қыркүйектегі № 377 бұйрығымен бекітілген кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектендіру қағидаларымен әзірленді (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 11 қыркүйекте № 33401 болып тіркелді), біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды белгілейді, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде қызметкерлерді оқытуға, білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен түлектерін сертификаттауға арналған материалдарды әзірлеуге, қаржы нарығындағы қызметтегі кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған. Осы кәсіптік стандарттың негізінде ұйымдар өндірісті, еңбек пен басқаруды ұйымдастырудың ерекшеліктерін, олардың жауапкершілігін ескере отырып, кәсіптік білім беру деңгейін, еңбек функцияларының, білімдері мен дағдыларының тізбесін нақтылай отырып, қызметкерлерге арналған корпоративтік кәсіптік стандарттарды ішкі қолдану үшін әзірлей алады. «Актуарий» кәсіптік стандарты заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар көрсететін қызметтерге қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Актуарий – уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген актуарийлерді оқытудың ең төмен міндетті бағдарламасы бойынша емтихан тапсырған жеке тұлға;

2) мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві – мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есеп беру күніне шығындарды реттеуге шығыстарды қоса алғанда, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша орындалмаған немесе толық орындалмаған міндеттемелерінің бағалануы;

3) еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві – сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының (жарналарының) есептеу күніне қалған сақтандыру арқылы қорғаудың қолданыс кезеңіне жататын бөлігі (еңбек сіңірілмеген сыйлықақы), ол міндеттемелер келесі есепті кезеңдерде туындаған жағдайда, алдағы төлемдерді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді орындауға арналған;

4) орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві (бұдан әрі – ОМШР) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есепті кезеңде немесе оның алдындағы кезеңдерде орын алған, басталуы фактісі туралы Қазақстан Республикасының заңында немесе шартта белгіленген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есепті кезеңде немесе оның алдындағы кезеңдерде мәлімдемеген сақтандыру жағдайларына байланысты туындаған шығындарды реттеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерінің бағалауы;

5) сақтандыру шығындарын реттеу жөніндегі шығыстар – сақтандыру жағдайына байланысты туындаған сақтанушының мүліктік мүддесіне келтірілген залалдың (зиянның) көлемін бағалауға және оны азайтуға байланысты сараптамалық, консультациялық және өзге де көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қажетті ақша сомасы.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

- 1) ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері
- 2) СБШ – салалық біліктілік шеңбері
- 3) ЭҚТЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші
- 4) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы
- 5) БА – біліктілік анықтамалығы

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Актуарий

5. Кәсіптік стандарттың коды: K66210004

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

К Қаржы және сақтандыру қызметі

66 Қаржылық көрсетілетін қызметтер мен сақтандыру саласындағы қосалқы қызмет

66.2 Сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша қосалқы қызмет

66.21 Сақтандыру тәуекелдері мен залалдарды бағалау

66.21.0 Сақтандыру тәуекелдері мен залалдарды бағалау

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Актуарий сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мамандарды қамтиды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Актуарий - 7 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Актуарий»:

Топтың коды:	2120-2		
Қызмет атауының коды:	2120-2-001		
Кәсіптің атауы:	Актуарий		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. Сақтандыру саласындағы талдаушы (андеррайтер) § 92, 195-т.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Бизнес және басқару	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Бизнес және басқару	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Қаржы ұйымдарында, уәкілетті органда актуарлық зерттеулер және (немесе) актуарлық есеп айырысулар жүргізу саласында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	4314-9-002 - Актуарийлік есептер жөніндегі қызметші		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Сақтандырумен, сақтандыру тарифтерін әзірлеумен және резервтерді басқарумен байланысты қаржы тәуекелдерін талдау және басқару		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерді бағалау 2. Сақтандыру тарифтерінің экономикалық негіздемесін есептеу әдістемесін әзірлеу және сақтандыру өнімдерінің кірістілігін талдау 3. Тәуекелдерді және (немесе) тәуекелдердің болуына байланысты қаржылық міндеттемелерді талдау және сандық, қаржылық бағалау және актуарлық қорытындылар жасау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерді бағалау			

Дағды 1: Сақтандыру резервтерін және қайта сақтандырушылардың сақтандыру резервтеріндегі үлесін есептеу	Машықтар: 1. Резервтер шамасына әсер ететін болжамды өлшемдерді анықтау (инфляцияның болжамды мәні, кірістілік және т.б.). 2. Сақтандыру резервтерін есептеудің құрамдас өлшемдерін анықтау (өлім-жітім кестелерін құру, шығындардың даму коэффициенттерін анықтау және т.б.). 3. Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервтерін есептеу 4. Шығындар резервтерін есептеу (орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві және мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві). 5. Реттелмеген шығындар резервін есептеу. 6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қосымша резервтерді қалыптастыруға қойылатын қажеттіліктерді анықтау. 7. Қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесін және өзінің ұстап қалу мөлшерін айқындау. 8. Актуарлық есеп айырысудың оңтайлы модельдерін таңдау және есептеу. Білімдер: 1. Ықтималдық теориясының негіздері (оқиға ықтималдығы, ықтималдық қасиеттері, ықтималдықтың таралуы, күтілетін оқиғалар) және математикалық статистика. 2. Актуарлық практиканың стандарттары 3. Сақтандыру және актуарлық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілер. 4. Резервтерді есептеу әдістемесі 5. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі – ХҚЕС стандарттары) сақтандыру саласындағы стандарттары 6. Шығындардың резервтерін есептеудің актуарлық әдістері.	Дағдыны тану мүмкіндігі: -
Дағды 2: Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерді бағалау	Машықтар: 1. Қайта сақтандыру шарты бойынша жауапкершілік үлесін анықтау. 2. Өзіңіздің шегерім сомасын анықтау. 3. Қайта сақтандыру шартын талдау және қайта сақтандырушының мәлімделген талаптарды (залалдарды) жабуын анықтау.Болашақ ақша ағындарының көлтірілген, күтілетін құнын бағалау үшін кірістілік мөлшерлемесін анықтау. 4. Қайта сақтандырушының үлесі бар және онсыз КХШАР анықтау. Білімдер: 1. Қайта сақтандырудың негіздері мен түрлері. Пропорционалды және пропорционалды емес қайта сақтандырудың қайта сақтандыру шарттары. 2. Уәкілетті органдардың сақтандыру резервтерін есептеуге қойылатын нормативтік талаптары. 3. Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнама. 4. ХҚЕС стандарттары.	Дағдыны тану мүмкіндігі: -
Еңбек функциясы 2: Сақтандыру тарифтерінің экономикалық негіздемесін есептеу әдістемесін әзірлеу және сақтандыру		

өнімдерінің кірістілігін талдау	Дағды 1: Сақтандыру тарифтері мен сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерлемелерін есептеу	Машықтар: 1. Статистикалық ақпаратты жинауды, жүйеге келтіру және талдауды ұйымдастыру. 2. Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын қоса алғанда, сақтандыру тарифінің құрамдас бөліктерін есептеу. 3. Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және зиянның ауырлығына әсер ететін факторларды анықтау. 4. Тәуекелдер мен қызметтер топтамасына байланысты сақтандыру тарифтерін қалыптастыру. 5. Тұрақты, айнымалы, тікелей және жанама шығындарды анықтау. 6. Ақша ағындарының ағымдағы күтілетін құнын анықтау.
		Білімдер: 1. Ықтималдық теориясының негіздері. 2. Сақтандыру және актуарлық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілер. 3. Актуарлық тәжірибенің халықаралық стандарттары. 4. Сақтандырудағы шығындарды бағалау және болжау әдістемелері (трендтерді ескере отырып түпкілікті жинақталған). 5. Сақтандыру тарифінің мөлшеріне тәуекелдер мен факторлардың әсер ету дәрежесін анықтау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 2: Сақтандыру өнімдерінің кірістілігін бағалау	Машықтар: 1. Сақтандыру жағдайлары орын алатын негізгі тәуекелдерді анықтау. 2. Сақтандыру өнімі шеңберінде қабылданған тәуекелдер бойынша оқиғалар туындаған жағдайда залалды бағалау. 3. Актуарлық есептеулерді жүргізу үшін математикалық модельдерді және олардың өлшемдерін пайдалану 4. Актуарлық болжамдарды оңтайлы таңдау. 5. Ықтималдылықты есептеу және күтілетін шамаларды анықтау. 7. Жеке сақтандыру полисі бойынша, сондай-ақ шарттар жиынтығы бойынша ақша қаражаттарының қозғалысын (өкелінуі мен өкелілуі) бағалау.
		Білімдер: 1. «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңы. 2. Сақтандыру бағдарламалары мен талаптарын түсіну. 3. Актуарлық есептеулерді жүзеге асыру үшін есептерді математикалық модельдеу және қалыптандыру әдістері 4. Рентабельді жобаларды таңдау өлшемшарттары. 5. Актуарлық практика бойынша нормативтік және әдістемелік құжаттар. 6. Актуарийлерді оқытудың ең төмен міндетті бағдарламасы бойынша курстар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 3: Стрестік сценарийлерді қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігін бағалау	Машықтар: 1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру ұйымының міндеттемелерін бағалау. 2. Сақтандыру ұйымы активтерінің әділ құнын есептеу және бағалау. 3. Стресс-тестілеу жүргізу, стрестік сценарийлер туындаған кезде ықтимал шығындарды анықтау.

		Білімдер: 1. «Сақтандыру қызметі туралы» Заң. 2. Сақтандыру тобының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптар. 3. «Сақтандыру ұйымының ішкі аудитін жүргізу тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 35 қаулысы. (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы – Қазақстан Республикасының резидент емесі» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2752 болып тіркелген). 4. Сақтандыру ұйымының операциялық қызметі. 5. Нормативтік құқықтық актілердің сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерді бағалау және есептеу тәртібіне қойылатын талаптары. 6. Модель құру, актуарлық модельдеу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 3: Тәуекелдерді және (немесе) тәуекелдердің болуына байланысты қаржылық міндеттемелерді талдау және сандық, қаржылық бағалау және актуарлық қорытындылар жасау	Дағды 1: Тәуекелдерді бағалау	Машықтар:
		1. Деректерді жинау, жүйелеу, талдау, және тексеру. 2. Тәуекелдерді анықтау және оларды бағалау. 3. Тәуекелдердің туындау ықтималдығына әсер ететін факторларды бағалау.
		Білімдер:
		1. Ықтималдықтар теориясының негіздері. 2. Тәуекелді бағалау саласындағы нормативтік құқықтық актілер. 3. Халықаралық тәуекел стандарттары. 4. Тәуекелді бағалау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 2: Актуарлық қорытындылар жасау	Машықтар:
		1. Ақпаратты жинауды, жүйелеуді және талдауды ұйымдастыру. 2. Актуарлық есептерді жүргізу үшін актуарлық қызмет нормаларына сәйкес келетін математикалық модельдерді және олардың параметрлерін пайдалану 3. Шығындар мен өтеу сомаларын есептеу. 4. Сақтандыру жағдайларының туындау ықтималдығына әсер ететін факторларды анықтау. 5. Сақтандыру портфелін талдау.
		Білімдер:
		1. Ықтималдықтар теориясының негіздері. 2. «Сақтандыру қызметі туралы» Заң. 3. Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға қойылатын талаптар, есептеу әдістемесі және олардың құрылымы. 4. Халықаралық стандарттар. 5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерді есептеу және бағалау әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Талдамалық ойлау Стреске төзімділік Жылдам шешім қабылдай білу, командалық жұмыс жасау Алынған есептер мен зерттеулердің нәтижелерін қалыптастыра білу	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Біліктілік деңгейіне және уәкілетті органның рұқсат беру құжатын алуға қойылатын талаптар «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңында және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 191 қаулысында белгіленген	
СБШ -нің ішіндегі басқа	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:

кәсіптермен байланыс:	6	Қаржы талдаушысы
	6	Банк саласындағы маман
	6	Капитал нарығының маманы
	6	Тәуекелдер жөніндегі маман
	6	Сақтандыру саласындағы маман

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

10. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Қаржы наργын реттеу және дамыту агенттігі

Орындаушы:

Ахмамбетов Олжас Урумбекович, +7 (701) 717 70 41, Olzhas.Akhmambetov@finreg.kz

11. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка

Жоба жетекшісі:

Ахмамбетов Олжас Урумбекович

E-mail: Olzhas.Akhmambetov@finreg.kz

Телефон нөмірі: +7 (701) 717 70 41

12. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 2 , 20.12.2023 г.

13. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 15.12.2023 г.

14. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 22.12.2023 г.

15. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 1, 2024 г.

16. Бағдарлы қайта қарау күні: 11.01.2027 г.